#КүшіміздБірлікте

Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

5 ақпан сенбі
№10 (1815)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

АҚ ОЛИМПИАДА: АЛТЫН АЛУ МҮМКІН БЕ?

Әне-міне дегенше Қытайдың Бейжің қаласында көптен күткен қысқы олимпиада ойындары алауы жағылып, дүбірлі дода басталып кетті. Бейжің қаласына ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та барды. Әлем назары ауған осынау додаға 91 елден «сен тұр, мен атайындар» жиналды. Әлемнің әр бұрышынан келген 2871 спортшы екі аптаға созылатын бәйгеде спорттың он бес түрінен 109 медалді сарапқа салады. Додаға еліміздан 34 спортшы аттанды. Айта кетерлігі, 19 спортшы үшін бұл – тұңғыш олимпиада. Жарыстар Қытай астанасынан бөлек, Яньцин және Чжянцзякоу қалаларында да өтеді. Бәсі жоғары бәсекеде ел құрамасы спорттың сегіз түрінен бақ сынайды. Осы тұста «Бұл байрақты бәсекеде медаль ала аламыз ба?», «Біздің спортшылар жеңіс тұғырынан көріне ме?» – деген сұрақтар туары сөзсіз. Осы мақаламызда осы сауалдардың жауабын іздеп, өткенде кеткен еншіміз бен бүгінгі мүмкіндігімізді сараладық.

4 БЕТТЕ

КІШКЕНТАЙ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ БАҚЫТЫ ҮШІН...

Балаға бақытты балалық шақ сыйлау әр ата-ананың арманы екені жасырын емес. Баласының жүзінен қуаныш пен шат күлкі көру әр анаға жылулық сыйласа, құлынының жеткен әр жетістігін әкесі мақтан тұтары анық. Көңіліне кірбің түсіп, қабағынан қар жауған баланы көрген шеше байғұс өзін қоярға жер таппай қалады. Бұл – ата-ана мен бала арасындағы махаббаттың шынайы көрінісі.

Бүгінгі күні балаға көңіл бөлу бәсеңдеп бара жатқаны анық. Ал өмірге келе сала айналасынан мейірімділік, сүйіспеншілік пен қорған күтетін балаға бұл ауырлық ететіні рас. Еліміздің тұтқасын ұстар болашақ ұрпақтың бүгінгі балалығы бақытты өтуі аса маңызды. Тәрбиенің тал бесігін көрмеген, жақсылықтың артынан ермеген баланың болашақта жақсы адам болуы қиын. Алайда бүгінгі қоғамда бала тәрбиесіне бей-жай қарайтын ата-ана, еркіндікті өз үлесіне пайдаланатын бала көбейді. Мемлекет басшысы бұл проблеманы аңғарса керек-ті. 2022 жыл «Балалар жылы» болып жарияланды. Осы орайда бұл жылы қандай өзгеріс керек деген сұрақты саралап көруді жөн көрдік.

2 БЕТТЕ



● СҰХБАТ

«Әрбір депутат қаралатын заң жобаларының сапасы мен нақтылығы үшін ерекше жауапкершілікті сезінетіні сөзсіз», – дейді бүгінгі сұхбат кейіпкері. Шынында, әрбір қабылданған заң жай ғана құжат емес, мемлекеттің, халықтың тағдыры. Парламент қабырғасында жауапкершілік жүгін арқалаған ҚР Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Кесебаева Балайым Туғанбайқызымен сұхбатқа жаңа Қазақстанға қажет заңдар, ел көкейіндегі сауалдар және қоғамдағы бірқатар мәселелер арқау болды.

Балайым КЕСЕБАЕВА, ҚР Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары:

«Дамыған елдерде «Әлеуметтік кодекс» әр адамның үстелінде тұратын кітапқа айналған»

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 11-інші қаңтарда өткен Парламент Мәжілісінің отырысында қоғам көкейінде жүрген көп мәселені ашық айтты. Депутат ретінде және елдің қарапайым азаматы ретінде қай мәселеге ерекше назар аударды?

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде кешенді және жүйелі сипаттағы көптеген мәселе көтерді. Бірінші кезекте – ұлттық қауіпсіздікке, экономикалық және әлеуметтік салаға қатысты мәселелер. Сонымен қатар депутаттық сауалдар аясында осы салалардағы көптеген сұрақтар бірнеше рет көтерілгенін атап өту қажет, заң жобаларын әзірлеу кезінде жұмыс жалғасатын болады.

Біріншіден, Президент ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бүкіл жүйесін түбегейлі қайта құру стратегиялық міндетін қойды. Бұл мәселеде Қарулы Күштердің, құқық қорғау құрылымдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының, сыртқы барлау органдарының жұмысын реформалау қажет.

Екіншіден, Мемлекет басшысы өз сөзінде әл-ауқат пен өмір сүру сапасын қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндеті екенін атап өтті. Бірақ оның басты мазмұны – нақты істер жүзеге асырылуы керек. Осы тұрғыда әлеуметтік қамсыздандыру, жұмысқа орналастыру, жастар саясатын жетілдіру сынды басқа да мәселелер көтерілді.

Бұл бағытта Қазақстанды ұзақ мерзімді дамытудың бірыңғай стратегиясын әзірлеу және ең алдымен «Жаңа Қазақстан» жаңа саяси бағытын құру тұрғысынан қолданыстағы жүйелерді қайта қарау қажет сияқты. Бұл мәселелерді шешу барлық мемлекеттік органдар тарапынан айтарлықтай күш-жігерді талап етеді.

– Мәселені көтеру бар да, орындалуы бар. Шыны керек, көп мәселе айтылғанымен, орындалуы кейде кешігіп, нәтиже бермейді. Президент көтерген мәселелер мен аталған тапсырма орындалуы үшін не істеу керек?

– Президент жүйелі проблемаларды атап айтты, ал оларды шешу кешенді тәсілдерді талап етеді. Ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне және мемлекеттік органдардың ведомствоаралық үйлестіруін күшейтуге қатысты тиісті тапсырмалар берілді. Қазақстанда белгіленген реформалардың жалпы мәні – бұл алдын алу шараларына және құқық қорғау органдарының жазалаушы моделінен сервистік модельге көшуге баса назар аудару.

Президент көтерген мәселелер мен берілген тапсырманың ел мүддесіне сай орындалуы үшін Парламент пен Үкімет, құқық қорғау органдары, барлық мемлекеттік мекемелер өз құзыреттері шегінде жұмыстарын адал атқаруы керек. Тек мемлекеттік органдар мен мекемелер ғана емес, әрбір сектор, ұйым, әрбір жеке тұлға өзінің міндетін заңнамалар аясында орындауы тиіс.

Қазіргі таңда Президент тапсырмаларын орындау бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, Үкімет пен уәкілетті органдар жұмысқа кірісіп кетті.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаттары Үкіметпен бірлесіп Президенттің 11 заңнамалық шаралар қабылдау қажет тапсырмаларын орындауға бағытталған жұмыстар жүргізуде. Қабылданған шаралар қоғам мен мемлекет мүддесі үшін барлық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

3 БЕТТЕ

Қызылордалықтар банктерге 362 млрд 500 млн теңге қарыз

Қазақстан халқының банктер алдындағы берешегі жыл санап, тіпті күн санап артып отыр десек те болады. Сіз бен біз секілді бір айлыққа күні қарап отырған жандардың барлық қарызын қосқанда триллиондаған сома шығады. Көпшілік баспана алса да, баласын үйлендірсе де, тіпті үйіне бір мүлік алса да банктің көмегіне жүгінетін болды.

Шынтуайтында, ел халқы банктерге қанша қарыз? Оның ішінде біз тұратын Қызылорда жұрты ше? Біз анық-қанығын білу мақсатында Ұлттық банктің Қызылордадағы филиалына хабарластық. Ұлттық банктің Қызылорда филиалындағы баспасөз қызметі біздің сұрауымыз бойынша мәлімет әзірлепті.

Мамандар әзірлеген ақпаратта алдымен республика бойынша мәлімет келтірілген. Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі бойынша қарыз 2021 жылдың 1 желтоқсан деңгейіне 17838,2 млрд теңгені құраған. Оның ішінде заңды тұлғаларға берілген несие көлемі 7497,1 млрд теңге болса, жеке тұлғалар 10341,1 млрд теңге көлемінде несие алған. Тарқатып айтқанда халықтың несиесі 10 трлн 341 млрд 100 млн теңге болып тұр. Бұл – республика бойынша көрсеткіш.

Енді Сыр өңіріндегі халықтың банктер алдындағы берешегіне тоқталайық. Қызылорда облысы бойынша 2021 жылдың 1 желтоқсан деңгейіне банктердің экономиканы несиелеу көлемі бойынша қарыз 362,5 млрд теңгені құраған. Оның ішінде жеке тұлғаларға берілген несиелер көлемі 36,%-ға артып, 304,6 млрд теңгені құрап отыр. Ал заңды тұлғалардың несиелері 9,4%-ға азайып, 58,3 млрд теңгеге жеткен. Жеке тұлғаларға берілген несие – сіз бен бізге, яғни жекелеген тұрғындарға берілген несие. Ұлттық банктің Қызылорда филиалы берген мәліметке сүйенсек, жеке тұлғалар алған несие көлемі 304,6 млрд теңгені құрап отыр. Бұл дегенің – 304 млрд 600 млн теңге.

Дәл қазір несие мәселесі ушығып тұр. Қарапайым халықтың алған несиесінің көбейгені сонша, тіпті тапқан табысы отбасын асырауға жетпейтін халге түскен. Айлығы шайлығына жетпейтін жұрттың соңғы кездегі уайымы да осы мәселемен тікелей байланысты. Өйткені көпшілік айлықтан-айлыққа әрең жеткенде табысының басым бөлігін банкке беруге мәжбүр.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

CNN CNN CNN

БАЙДЕН ДАИШ БАСШЫСЫНЫҢ КӨЗІН ЖОЙДЫ

Сәрсенбі күні түнгі уақытта АҚШ әскерилері Сириядағы ДАИШ (ИГИЛ) ұйымының орталығына қарсы контртеррористік операция өткізді. Арнайы шабуыл кезінде ДАИШ ұйымының басшысы Әбу Ибрахим әл-Хашими әл-Курайши көз жұмғаны айтылды. Арнайы рейдтік операция жайлы Америка Құрама Штаттарының Президенті Байден өз пікірін білдірді. Терроризмге қарсы операция жайлы CNN арнасында бірнеше материал жарық көрді.

Әкімшіліктің арнаға берген түсініктемесінде бомба ланкестікке қарсы нысанада жарылған. Нәтижесінде қаза тапқандардың қатарында бейбіт тұрғындар да бар екен.

АҚШ-тың арнайы күштері сәрсенбі күні түнде Сирияның солтүстік-батысында ланкестікке қарсы миссия жүргізіп, ДАИШ жетекшісі Әбу Ибрахим әл-Хашими әл-Курайшиді өлтірді. Бұл туралы президент Байден бейсенбі күні хабарлаған.

Жергілікті ақпарат көздерінің мәліметінше, Сирияның «Ақ дулығалылар» азаматтық қорғаныс тобының рейд жұмыстары кезінде кемінде 13 адам қаза тапқан. Оның ішінде алты бала мен төрт әйел бар. Ал Пентагон қаза тапқандардың арасында американдықтар жоқ екенін мәлімдеді.

Пентагон Сириядағы рейдтің салдарын тереңірек зерттеуде. Дегенмен әкімшіліктің жоғары лауазымды қызметкері «Операцияның басында ланкес бомба жарды, нәтижесінде өзі және оның отбасы мүшелері, соның ішінде әйелдер мен балалар қаза тапты», – деді арнаға берген сұхбатында. Дегенмен шенеунік бұл оқиғаны 2019 жылы әл-Багдадиды қолға түсіру операциясы кезіндегі «қорқақтық тактика», яғни өз-өзіне қол жұмсау фактісі деп бағалайтынын жасырмады.

АҚШ Сирияның солтүстік-батысындағы Әл-Каида мен оның филиалдарын бірнеше рет нысанаға алды. Пентагон өз кезегінде соңғы айдағы кем дегенде бір соққының бейбіт тұрғындардың құрбан болуына әкелгенін мойындап отыр. Бірақ кешегі операция әл-Багдадиға қарсы жасалған 2019 жылғы қазан айындағы екі сағаттық рейдтен кейінгі ауқымды операция болды.

Орталық қолбасшылықтың мәлімдемесіне сәйкес, әскерилер өткен қыркүйекте Сириядағы Идлиб маңында әл-Каиданың жоғары шенді жетекшісін нысанаға алған. Бір айдан кейін әскерилер «әл-Каиданың» жоғары лауазымды жетекшісі Абдул Хамид әл-Матарға қашықтан басқару бомбасымен соққы берген.

Ал желтоқсанда әскерилер Идлибке жақын жерде «әл-Каиданың» филиалы Хуррас ад-Диннің аға жетекшісі Мусаб Кинанды нысанаға алған. Орталық қолбасшылық әскери операциядан бейбіт тұрғындардың қаза болуы туралы тергеуді бастаған, бірақ Пентагон ол туралы ақпаратты жаңартпаған.

Арнаның хабарлауынша, ДАИШ Сирия мен Ирактың түрлі аймағында қайта жанданған. Өткен айда ДАИШ-тің 100-ден астам жауынгері экстремистік топтың түрмеде отырған мүшелерін босату үшін Сирияның солтүстік-шығысындағы түрмеге шабуыл жасаған. Оқиға салдарынан кем дегенде 200 тұтқын мен 30 қауіпсіздік күшінің қызметкері қаза тапты.

Кешегі болған операция жайында арна Пентагоннан мардымды мәлімет ала алмаған. Шабуылдың қалай және қандай миссияда болғаны айтылмаған. Дегенмен арнаға оқиға куәгерлері мен ерікті құтқарушылар пікір білдірген. Олардың айтуынша, жарылыстар мен оқ ату американдық әскерлердің жерге түскеніне дейін болған және әскер Сирия-Түркия шекарасындағы Атме маңындағы үйді нысанаға алған.

Қауіпсіздік мақсатында аты-жөнін атамауды өтінген Атмадағы куәгердің айтуынша, пулемет оғы төбеде ұшып бара жатқан үш тікұшақтан шыққанын, содан соң бірнеше минуттан кейін жарылыс болғанын айтқан. Шабуыл шамамен бұрын әл-Каидамен байланысы болған «Хаят Тахрир аш-Шам» күштері көп шоғырланған аймақта болған.

«Мен алыстан арабша ирак акцентімен сөйлейтін адамның отбасылардың қауіпсіз аймаққа ығысуын сұраған ер адамның даусын естідім. Сондай-ақ жердегі пулеметшілердің тікұшақтарға қарай оқ атқанын көрдім», – дейді куәгер.

Куәгердің айтуынша, шабуыл мен жарылыстан кейін екі сағат өткен соң екі тікұшақ та жерге қонған. Сондай-ақ ол «Хаят Тахрир аш-Шам» күштерінің аймағына қашықтан басқарылатын дрондардың оқ атқанын көрген.

Әкімшілік ДАИШ жетекшісі Әбу Ибрахим әл-Хашими әл-Курайшидың көзі жойылғанын мәлімдегеннен кейін Ақ үй «Twitter»-де президент Байден, вице-президент Харрис және ұлттық қауіпсіздік шенеуніктерінің операцияны бақылап отырған фотосын жариялады.

Бейсенбі күні ДАИШ-ке қарсы операциядан кейін Джо Байден ресми мәлімдеме жасады: «Кеше түнде менің нұсқауым бойынша Сирияның солтүстік-батысындағы АҚШ әскері Америка халқы мен одақтастарын қорғау және әлемді қауіпсіз жерге айналдыру үшін ланкестікке қарсы операцияны сәтті өткізді. Қарулы күштеріміздің шеберлігі мен батылдығының арқасында біз ДАИШ басшысы Әбу Ибрахим әл-Хашими әл-Курайшиға қарсы шайқас алаңынан аман-есен шықтық. Барлық американдықтар операциядан оралды», – деді АҚШ президенті.

4 БЕТТЕ

КІШКЕНТАЙ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ БАҚЫТЫ ҮШІН...

ТӘРБИЕ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Ең бірінші мәселе – бала тәрбиесі. Расымен, бүгінгі қоғам қазақылықтан алыстап барады. Ал қазақ халқы тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Дегенмен жаңа заманда бала тәрбиесіне ден қоймадық десек артық айтқандық емес. Уақыт ағымынан алыстап қалмас үшін ата-ана жұмыс істеп, табыс табамын деп талпынып жүреді. Ал баласының тәрбиесін балабақшадағы мамандарға тапсырып қойған. Бірақ ол тәрбие ата-ананың, ақ жаулықты әженің берген тәрбиесіндей бола алмайтыны анық. Тіпті бесіктен белі шықпаған балаға смартфон беріп, видео арқылы тыныштандыру әдетке айналған. Алайда бұл ананың әлдиі мен бесік жырына жетпейтіні анық.

Сонымен қатар бүгінгі қоғамда баланы «таяқпен» тәрбиелеу де ден алып келеді. Әрине, бала «тәйт» көріп өсуі керек. Бірақ кейде физикалық тәрбиелеудің тым шектен шығып кететіні, өз баласын сау-тамтығын қалдырмай соққыға жыққан ата-аналар кездесіп жатады. Бұл ең алдымен баланың денсаулығына қауіп төндірсе, екіншіден психологиялық тұрғыда кері әсер етеді. Тән жарасы емделгенмен, жан жарасына шипа табу оңай дүние емес. Ал бала кезден таяқ жеп өскен адамның келешекте жүйке жүйесі нашар, қоғамға бір өкпесі бар болуы мүмкін. Міне, осының кесірінен адам суицидке жақын немесе қылмысқа бейім келуі әбден мүмкін. Тіпті депрессия, өзін қоғамнан тыс сезіну адамға психологиялық тұрғыда кері әсер етеді.

Мұның алдын алу үшін ең алдымен, әрине, ата-ана бала тәрбиесіне көп көңіл болып, көбірек тілдесуі керек. Кейде балаларға бірге отырып әңгімелескен, олармен қосылып ойын ойнау секілді әрекеттер жетіспей жатады. Бала ең алдымен жылулықты ата-анадан іздейтінін естен шығармау керек. Сонымен қатар баланың қоғамға бейімделуі, адамдармен қарым-қатынасы да ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл турасында мектептегі мұғалімдер, психологтар көбірек жұмыс істеуі керек. Себебі бүгінгі қоғамда балалар арасында буллинг күшейіп барады. Баланы келеке қылу, ұрып-соғу немесе әдейі ашуландыру оған кері әсер етеді. Ал балалар мұны дұрыс түсінбеуі мүмкін. Осы тұста психолог мамандар мен ұстаздар қауымы көбірек көңіл бөлуі керек.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік қолдау және азаматтардың мүддесін қорғау мәселелеріне кеңінен тоқталды. Соның ішінде отбасы және бала институтын қолдау бойынша маңызды шаралар туралы айтылды. Әсіресе, Президент балалар қауіпсіздігі мен құқықтарының қорғалуы мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі керектігін айтып өтті. Шынында да Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес, жыл басынан бері кәмелетке толмағандарға қарсы 879 қылмыс тіркелді, оның 402-і жыныстық зорлық-зомбылықпен тікелей байланысты. Жыл сайын бұл сипаттағы қылмыстар саны өсіп келеді», – дейді Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері Мәдина Бектенова.

ЮНИСЕФ мәліметінше, әлемде 150 миллион бала мектеп қабырғасында және одан тыс жерде құрдастары тарапынан зорлық көріп, қудалауға ұшырайды. Сарапшы маман арнайы зерттеулер көрсеткіштеріне сәйкес түрлі елдерде буллингтен балалар 19-30 процентке дейін зардап шегеді екен. «Қазақстандағы жағдай да мәз емес. ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы өткізген зерттеулерге сүйенсек, 11-15 жастағы жасөспірімдердің 17%-і мектепте айына бір немесе бірнеше рет буллинг құрбаны болған», – дейді сарапшы.

Кішкентай балалардың интернет желісіндегі қызығушылығы, әлеуметтік желідегі жазбалары мен тіркелген адамдарына да бақылау жасау маңызды. Себебі адам ойлап тапқан ең үлкен жетістіктің бірі – интернет кейде кері әсер етіп жатады. Бұған дейінгі мектеп оқушыларын суицидке итермелеуді мақсат тұтқан «ойындар» дәлел. Мәселен, 2019 жылы интернетті пайдаланатын 6 процент бала виртуалды зорлық-зомбылық оқиғаларына тап болған. Оңы мен солын дұрыс айыра алмайтын бала кейде алдау-арбауға еріп кетуі мүмкін. Сондықтан желідегі қызығушылығын саралау назардан тыс қалмауы керек. Мамандар ертерек қозғалып, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жоба жасап шығуы керек. Ал ата-ана жауапкершіліктен қашпай, баласын бақылауда ұстағаны дұрыс. Бұл орайда қазіргі компьютер, смартфондарда «Ата-ана бақылауы» атты арнайы функция көмекке келеді.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ТАПТАЛМАСЫН

Қазақстанда 5 жыл ішінде жетім балалар саны 6039 балаға, яғни 21 процентке азайған. 2015 жылы 29666 бала ата-ана қамқорлығынсыз деп танылса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 23627 баланы құраған. Жетімін жылатпаған қазақ халқы үшін бұл көрсеткіш жақсы емес. Өткен жылы қоғамның көп талқысына түскен, ата-ана құқығынан айыру туралы заң осы орайда біреудің көңілінен шықса, біреуге қажетсіз көрінді. Шетелде көп қолданылатын заңды кей қазақстандықтар біздің идеологиямызға қарсы деп үн қатты. Енді бірі бұл балалардың тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болуынан қорғайды деді. Дегенмен қоғамда екіұдай пікір тудырған бұл заң әлі де болса терең зерттеуді талап ететінін көрсетті.

Расымен, жетімдер үйін азайтуды көздеген қазаққа баланы тірі жетім ету қажет емесі айдан анық. Оның орнына жауапты сала мамандары ата-аналармен жұмыс істеп, баланы буллингтан қорғағаны дұрыс секілді.

Одан бөлек, бала құқығын қорғайтын орындар өз жұмысын ешқашан тоқтатпауы керек. Бізде Білім және ғылым министрлігінде «Балалардың құқықтарын қорғау» комитеті бар. Олар жыл сайын тұрақты негізде «Жасөспірім», «Бітіру кештері», «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Жұмыспен қамту» жедел-алдын алу іс-шараларын жүргізеді. Бұл өз кезегінде балалардың түнгі уақытта жалғыз жүруінің, бала еңбегін қанаудың алдын алады. Демек бұл жұмыстарды комитет күшейтпесе, тоқтатпауы керек. Мектептердегі ювеналды полиция мамандары да өз міндеттерін бұлжытпай атқарып, балаға қауіп төнбеуіне баса назар аударуы қажет.

Басы 1-бетте

«БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ» БӘСЕҢДЕП ТҰР

Ақпарат пен технология көз ілеспей дамыған қоғамда бала тұрмақ үлкендердің кітап оқып, әдебиет әлеміне бойлайтыны кемде-кем. Ертегі мен жырлардан гөрі телефон шұқылағанды қош көретін балалардың болашақта қандай болатынын белгісіз. Десе де қазақ халқы ерте кезден-ақ бесіктегі балаға тәлім-тәрбиесі мол ертегі мен жырларды тыңдатып өсіргенін естен шығармаған абзал.

Алайда балалар кітап оқымайды деуден бұрын балалар әдебиетінің бүгінгі ахуалын саралау керек. Қазақтың төл ертегілері кез келген баланы баурап алатыны сөзсіз. Бірақ қазіргі заманға сай жазылған әдеби дүниелер де керек-ақ. Бұл туралы сенатор Нұртөре Жүсіп Үкіметке ұсыныс тастап, мәселенің мәнісін айтты:

– Әдебиет – адам жанының айнасы. Балалар әдебиеті – ұлттық мәдениеттің негізін сақтаудың, ана тілінің байлығын арттырудың, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың ең қуатты механизмі. Балалар әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан классик жазушылардың көбісі өмірден өтті. Кезек – жас толқынға келді. Бауыржан Момышұлының «Ертегісіз өскен бала рухани мүгедек адам», – деген қанатты сөзі бар. Гүлге су құймаса, солып қалады. Өспейді. Балалар әдебиеті де сол гүл сияқты. Бұл салаға қомақты қаржы құйылмаса, ешкім жөндеп айналыспайды. Кембридж тәсілі бойынша, 1 сыныпқа келген оқушының сөздік қоры үш мың сөзге жетуі керек. Ата-анасы күні бойы жұмыста, сәби кезінде ертегі тыңдамаған, тақпақ жаттамаған балада сөздік қор қайдан болсын? Горькийдің «балалар жазушысы өзге жазушылардан да сапалы жазуы керек» дейтін сөзі бар. Кішкентайлар үшін шығарма жазу оңай емес. Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, әрбір он жылдықта дүниеге келген сәби, бала психологиясы бір-бірінен мүлдем алшақ болады екен. Баланың жанын түсінбей, жақсы туынды шықпайды. Шығатын кітаптардың ішінде балалар әдебиетінің үлес салмағы өте төмен. Таралымы да, сапалық жағы да көңіл көншітпейді. Кейбір авторлар кітаптарды өз қаражатына шығарады. Қазір әлемде полиграфия жақсы дамыған, дизайн мен графиканың уақыты. Қазақстандағы баспалар жұмысы халықаралық стандарттарға сай келмейді. Халықаралық тәжірибелерге сүйену керек. Шетелде автор, иллюстратор, баспагер, әдеби агент – тұтас шығармашылық топ күш біріктіреді. Бұл ретте бізге алысқа бармай-ақ, Ресей тәжірибесінен үйренуге болады, – деді депутат.

Осы орайда Н.Жүсіп бұл мәселеге қатысты бірнеше ұсыныс та айтты. Ең алдымен, тиісті бағдарламалар аясында балалар әдебиетін дамытуға арнайы қаржы бөлуді ұсынды: «Балаларға арналған кітаптарды басып шығаруға жеңілдік беру үшін қосылған құн салығынан босату қажет. Ұлттық мультфильмдер шығару ісінде жекеменшік компанияларды қаржылай қолдау тетіктерін қарастыру маңызды. Жергілікті әкімдіктер тарапынан кітапханаларда «Балалар әдебиеті» бөлімін жасап, жаңа кітаптармен толықтырса дейміз. Жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін электронды кітаптарды енгізу қажет. Мұндай кітаптар қолдануға өте тиімді, барынша ыңғайлы, қазіргі заман талабына сай болғаны жөн. Сондықтан Үкімет қазақ балалар әдебиетін дамытудың кешенді бағдарламасын жасап, аталған шараларды қолға алуы керек деп есептейміз», – деді ол.

Бүгінгі қоғамда бұл мәселе шынымен өзекті. Тәлім-тәрбиесі жоқ, пайдасы аз дүниелерді көрумен уақыт өткізгеннен гөрі ұлағаты мол, тарихи, ұлттық дүниелермен сусындағаны дұрысырақ. Бұл мәселе Үкіметтің назарынан тыс қалмай, алдағы уақытта балаларға арналған бағдарлама жасалып, құнды дүниелер жарық көретініне сенім мол.

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА БОЛУ КЕРЕК

Келешектің тұтқасын ұстайтын – бүгінгі балалар.

Бүгінде ерте жастан пайда болатын аурулар саны күннен күнге артып келеді. Қоршаған ортаның әсерінен, тамақтардағы зиянды қоспалардың кесірінен балалардың аурушаңдығы артты. Бұл орайда медицинаның күші артып, балалар ауруын бәсеңдету маңызды. Мамандарды арнайы шетелде оқытып, отандық медицинаға жаңалық алып келуіне ықпал етілуі тиіс. Себебі көптеген ауруды, соның ішінде балалар ауруын қазақстандықтар шетелде және қымбат қаражатқа емдетуге мәжбүр. Бұл, әрине, бір сәтте шешілетін мәселе емес. Дегенмен назардан тыс қалдыруға да болмайды.

Мәселен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша әлемде әрбір 500-ші сәби мен әр 200-ші жасөспірім қант диабетімен ауырады екен. Аутоиммунды аурулардың қатарына жататын қант диабетіне шалдыққан балалардың қатары ДДҰ сарапшылары айтқандай, Қазақстанда да аз емес. Аурудың көбеюіне бірнеше себеп бар. Ең бірінші тұқым қуалаушылық әсер етсе, екіншіден сәби шақтағы аурушаңдығы, инфекциялық ауруларды жиі жұқтырып, әлсіреген баланың ауруға қарсы тұрар иммунитеті әлсіреуінен ұйқы безінің жұмысы дағдарып, инсулин бөлінуінің біраздан соң тоқтап қалуы себеп. Одан бөлек бұл аурудың пайда болуына экология да әсер етуі мүмкін.

Соңғы уақытта балалар арасында, тіпті жаңа туған сәбиде бассүйек қысымы пайда болған. «Негізі, бассүйек қысымы деген қалыпты жағдай. Кез келген адамның миында белгілі бір мөлшерде су болады. Қарапайым тілмен айтқанда, ол су миды суарып, қоректендіріп тұрады. Бірақ кейбір балалардың миында анатомиялық патология болады. Яғни сол су жүретін жолдары, тарылып қалады. Тәулігіне бір циркуляция жасап айналып тұратын су негізінен қаннан пайда болады. Ал мидағы судың жүретін жолдары жабылған соң, мидың қысымы көтеріледі. Мұндай жағдайда медицинада гидроцефилия деген диагноз қойылады. Бұл сәбидің бас сүйегінде ми сұйықтығының мөлшерден тыс жиналуы деген мағынаны білдіреді», – дейді жоғары категориялы балалар невропотологы Айжан Жантасова.

Дертке дер кезінде ем қабылдамаса, көздің көру қабілеті де нашарлайды және бала қимыл-қозғалыссыз қалып, мүгедектікке ұшырауы мүмкін екен. Сондықтан бала мазасызданып жылай берсе, қалтырап-дірілдесе, тырысқақ ұстайтын болса, бірден дәрігерге қаратып, емін толық алған жөн.

Айта кетерлік жайт, Денсаулық сақтау министрлігі биыл құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының қаражатынан орфандық аурулары бар балаларды емдеуге арналған болжамды шығындардың есебі мен дәрілік заттардың тізбесі бойынша ұсыныстар енгізбек. Балалардың денсаулығын сақтау саласында сирек (орфандық) және ауыр аурулары бар балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету неғұрлым өзекті болып саналады.

– Әлемдегі ешбір ел өте жоғары шығындарды ескере отырып, барлық орфандық ауруларды толық қаржыландырмайды. Сондықтан да қорды құру орфандық аурулармен ауыратын науқастар үшін қымбат тұратын медициналық қызметтер мен дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді, – деді денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният.

Одан бөлек, бүгінде балалар арасында «трендке» айналатын ойыншық саны көп. Олардың дені шетелде жасалады. Оның үстіне зиянды заттардан жасалатыны тағы бар. Сондықтан ойыншықтардың бақылауда болуы, зиянды заттардың бала қолына түспеуіне қаперден шығармау маңызды. Бала тағамдарының да қауіпсіздігі де аса маңызды. Әр тағамның зертханалық тексерістен өтуі қауіптің алдын алады.

P.S. Бала – біздің болашағымыз. Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ұғымды алға тартып, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бал-бөбек балғындарға арнаған жыл қаңтар қасіретімен басталса да алдағы уақытта ашық аспан астында балаларға бақытты балалық шақ сыйлайтынымыз айдан анық. Атаулы жылға орай біраз мәселенің шешімін тауып, бала игілігі үшін жасалған игі істер сенім мол. Осы орайда бұл тақырыпқа тереңірек бойлап, алдағы уақытта балаларға қатысты мәселелерді кеңінен тарқатып жазатын боламыз. Бастысы – балғындарымыздың балалық шағы бақытқа толы болсын. Біз осы үшін барымызды салуымыз қажет.

А.НҰРАЗҒАЛИ,
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

КӨПІР САЛЫНАДЫ

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев жұмыс сапарымен қалаға іргелес жатқан ауылдарды аралады.

Шаһар басшысы әуелі Ақжарма ауылдық округінің Талдыарал елді мекеніне ат басын бұрып, ауыл шетіне көшіп келушілерге арналған жер учаскелеріне жүргізілетін инфрақұрылым жұмыстарының барысын көрді. Бүгінде 250-ге жуық тұрғын орналасатын аумаққа тас жол төселген. Алдағы уақытта электр бағаналары орнатылып, ауыз су желісі тартылады. Аталған жұмыстар жыл соңына дейін аяқталып, тұрғындар игілігін көреді. Шаһар басшысы ақжармалықтардың ұсынысына сәйкес, амбулатория мен футбол алаңын салу және ауыз су мұнарасын орнатуға мүмкіндіктер қарастыратындығын жеткізді.

Қазіргі таңда бұл ауылда пайданың көзін тауып, кәсібін дөңгелетіп отырған еңбекқор азаматтар жетерлік. Солардың бірі – Серік Жанайдаров. Ол бірнеше жыл бұрын ата кәсіпті қолға алып, мемлекеттік бағдарламаның көмегімен мал бордақылау алаңын салған. Бүгінде кәсіпкер қала халқын ет өнімдерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, саумал, қымыз сатып, жақсы табыс тауып отыр. Шаруа қожалығының жұмысымен танысқан қала әкімі кәсіп иесіне сәттілік тіледі.

Бұдан соң Ғанибек Қонысбекұлы Тасбөгет кентіндегі іргелі істердің жай-жапсарымен танысты. Мұнда да тың жоба, жағымды жаңалықтар аз емес. Мәселен, ақпан айының ортасынан бастап Тасбөгет кентінің орталығында 53 пәтерлі көпқабатты үйдің іргетасы қаланады. Аталған нысанды «Фирма «МТО-Центр» ЖШС өз қаражатына салып, 2023 жылдың алғашқы тоқсанында пайдалануға беруді жоспарлап отыр. Әкім компания басшысына келешек тұрғындар тарапынан реніш болмауы үшін құрылыстың сапалы жүргізілуін міндеттеді.

Жұмыс сапарымен барған шаһар басшысына ардагерлер кент шетіндегі зираттың қоршалуына, халық санының артуына байланысты қосымша дәрігерлік амбулаторияның салынуына ықпал жасауын сұрады. Өз кезегінде Ғанибек Қонысбекұлы мәселенің шешілу жолдарын қарастыратындығын, халық өтініші жауапсыз қалмайтытынын жеткізді.

Қала әкімі осыдан кейін ат басын Белкөл кентіне бұрып, ардагерлермен жүздесті. Келелі кездесуде ақсақалдарға жаяу жүргіншілерге арналған көпірдің құрылысын таныстырды. Кентті екіге бөліп тұрған шойын жолдан өту тұрғындар үшін қауіпті екені рас. Сол себепті көпір құрылысы күн тәртібіндегі негізгі әрі уақыт күттірмейтін шаруа болып тұр. Ғанибек Қазантаев ақпан айында басталатын көпір құрылысы қазан айында аяқталатынын айтты. Әкім аталған жұмыстың сапалы әрі уақытылы жүруін қадағалауды тиісті сала басшыларына тапсырды.

К.АҚТАН

«Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқық беру қағидалары» өзгерді. Қағида бойынша жеке тұрғын үй құрылысына жер берудің жаңа тәртібі белгіленіп, жер алу тәртібі өзгерген. Бұл туралы қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Ғабит Қожахметов қала әкімдігінде өткен баспасөз жиынында хабарлады.

– 2021 жылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер енгізіліп, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру құзыреттілігі сәулет және қала құрылысы органдарына жүктелді. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы №15 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №255 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, «Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқық беру қағидалары» әзірленді. Қағида бойынша жеке тұрғын үй құрылысына жер берудің жаңа тәртібі белгіленіп, жер алу тәртібі өзгертілді. Қазіргі уақытта осы тәртіп бойынша сәулет бөлімі тарапынан тиісті шаралар жүргізілуде, – деді бөлім басшысы.

Одан бөлек, бөлім тарапынан қаланың сәулеттік келбетін жақсарту бағытында сыртқы жарнама нысандарының уақытылы жаңартылуы және көшеге төгілген құрылыс материалдары мен заңсыз қойылған дүңгіршектерді алу бойынша мониторинг жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

2021 жылы өз бетінше салынған және заңнама талаптары бұзылған 43 кәсіпкерлік нысан бойынша Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына тиісті ақпарат берілген. Сонымен қатар қызыл сызық талабын бұзған тұрғын үйлер бойынша 76 тұрғын үй мен коммерциялық нысандардың меншік иелерімен тиісті жұмыстар жүргізіліп, артық қоршаулары алынған.

Айта кету керек, 2021 жылы қала бойынша жалпы ауданы 287,5 мың шаршы метрді құраған 1910 жеке тұрғын үй мен жалпы ауданы 109,9 мың шаршы метр болатын 26 көп қабатты тұрғын үй пайдалануға қабылданған.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Дүниежүзілік сайлау күнін 2005 жылғы Еуропа елдері сайлауды ұйымдастырушылары ассоциациясының бастамасы бойынша халықаралық қауымдастық ақпанның бірінші бейсенбісінде атап өтеді.

Қызылорда қаласында бұл күнге орай жас сайлаушылармен кездесу өткізілді. Кездесуде Қызылорданың жас азаматтарына сайлаудың мәні, қалыптасу тарихы, негізгі қағидаттары, сайлаушылар ретінде олардың қандай құқықтары бар екендігі және оларды қалай іске асыра алатындығы жайлы түсініктеме берілді

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

Балайым КЕСЕБАЕВА, ҚР Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары:

«ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДЕ «ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС» ӘР АДАМНЫҢ ҮСТЕЛІНДЕ ТҰРАТЫН КІТАПҚА АЙНАЛҒАН»

– Жаңа Қазақстанды құру туралы айта бастады. Жаңа Қазақстанға қандай заңдар қажет?

– Мемлекет басшысының әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларын жүзеге асыру үшін Парламентке, соның ішінде Мәжіліске үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Сондықтан біздің депутаттық корпус барлық бастамаларды жедел, тиісті заңдармен қамтамасыз ету жұмысына кірісеміз.

Бұл жолда жеке тұлғалардың банкроттығы туралы, сонымен бірге еліміздің қауіпсіздігін қорғауға, оның ішінде қару-жарақ айналымын реттеуді күшейту, күштік құрылымдардың дербестігін, басшыларының жауапкершілік деңгейін арттыру тұрғындардың қажеттілігін ескере отырып, аймақтар арасындағы теңсіздікті төмендету мақсатында бюджетаралық қарым-қатынастарды түбегейлі және кешенді реформалауға, кәсіпкерлікті қолдауға, әсіресе ауыл шаруашылығын, шағын және орта бизнесті дамытуға, халықтың табысын арттыруға және білімді күшейтуге ерекше назар аударатын боламыз.

Сонымен қатар әлемнің көптеген дамыған елдерінде Әлеуметтік кодекс әр адамның үстелінде тұратын кітапқа айналған, өйткені ол құжат әрбір адамның әлеуметтік саладағы құқықтары мен міндеттерін қарастырады.

Адам капиталын дамыту, халық арасындағы әлеуметтік теңгерімсіздікті жою басты назарда болуы тиіс. Жаңа әлеуметтік саясатты әзірлеу мен жаңарту қажеттігі туындап отыр. Қазіргі уақытта қалыптасқан жүйелі және жаһандық проблемаларды, оның ішінде пандемияны да ескере отырып, мемлекеттің әлеуметтік саясатын шынайы жағдайға бейімделген Әлеуметтік кодекстің қабылдануын қамтамасыз ету жоспарлануда. Сондықтан біз Үкіметпен бірлесіп осы жұмыстарды жоғары деңгейде жүзеге асыруға атсалысамыз.

– Қарапайым халық жиі айтатын мәселенің бірі – бағаның қымбаттығы. Үкімет пен әкімдер бағаны төмендету, нарықтағы бағаны көтермеу үшін не істеу керек? Базар аралаумен баға мәселесі шешіле ме?

– Бұл мәселенің күрделі және кешенді екенін атап өткім келеді. Шынында да, бағаның өсуіне, оларды тұрақтандыру үшін күрес – халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылатудың негізгі нүктесі. Нарықтық тетіктің өзі бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі нүктесі – бағаны ұстап тұру және оларды тұрақтандыру. Мәселенің күрделілігі мынада: жаһандану жағдайында бағаның ұдайы өсуінің біржақты үрдісі қалыптасты. Бұл инфляцияның ішкі және халықаралық тетігінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасты. Бұл қазақстандық экономикаға да толықтай қатысты.

Қалыптасқан жағдайды талдау бағаны тұрақтандыру проблемасын, оның ішінде стратегиялық маңызды тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты проблеманы шешуге қабілетсіз болған, бұрын қабылданған бағдарламалардан өзгеше, түбегейлі жаңа шараларды көздеуге тиіс екендігін көрсетеді. Осы кезеңде қазақстандық инфляция «сұраныс қысымымен» емес, «шығындар қысымымен» түсіндіріледі. Инфляцияны дұрыс емес диагностикалау және соңғы жылдары инфляциямен күресудің дұрыс емес әдістерін қолдану салдарынан нақты инфляция деңгейі ресми деңгейден едәуір асып түседі. Мұны күнкөріс минимумының құны ресми инфляцияға қарағанда тез өсетіндігінен көруге болады.

Қазіргі жағдайда бағаның өсуі мен өндірістің құлдырауының нақты проблемаларын шешу үшін бірқатар аралас бағдарламаларды енгізуге болады. Бұл бағыттағы жұмыс инфрақұрылымдық жобаларды әзірлеуге назар аудара отырып жүргізілуі тиіс. Инфрақұрылымды дамыту тауарлардың өзіндік құнының төмендеуіне ықпал етіп, бұл өз кезегінде бағалардың арзандауын қамтамасыз етеді. Базарларға бару – бұл тиімді шара, бірақ ол уақытша және көбінесе нарықтағы нақты бағаларды көрсетпейді.

Сондай-ақ бағаны тұрақтандыру шараларының бірі – өңірлік бөліністе стратегиялық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге шекті бағаларды белгілеу. Өздеріңіз білетіндей, көптеген тауардың бағасы өз бағаларын «орап» жатқан делдалдардың көптігіне байланысты өсуде. Мысалы, ауылшаруашылық өнімдерінің бөлшек сауда бағасы мен өндірушілердің бағасы бірнеше есе дерлік. Мұндай жағдайда экономикалық ықпал ету құралдары мен шараларының жеткілікті арсеналын қолдануға болады (кіріс саясаты – бағалар мен жалақы деңгейін тікелей бақылау; маңызды экономикалық немесе әлеуметтік маңызы бар жекелеген салалардағы бағаларды реттеу; бәсекелестік ортаны қолдау және ынталандыру; валюталық және монополияға қарсы саясаттағы мемлекеттік әсерді нығайту; шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау; артық делдалдықты және импортқа тәуелділікті азайту сияқты т.б).

– Шынын айтайық, қарапайым халық ең алдымен өз аймағынан сайланған депутатты іздейді. Халық арасында теледидардан жиі көрініп, жиі сөйлейтін депутаттар ғана жұмыс істеп жатыр деген түсінік бар екені жасырын емес. Депутат ретінде даусыңыз естілмегенмен, қоғамда «депутат Кесебаева заң шығару, жазу ісінде кәсіби маман» деген жағымды пікір бар. Жалпы заң шығару, дайындау процесі үлкен жауапкершілік екені сөзсіз. Бұл жай ғана құжат емес, адамның, мемлекеттің тағдыры. Бүгінге дейін қай заңдарды қабылдауда қолтаңбаңыз қалды?

– Парламент депутаты ретіндегі қызметімнің мазмұндылығы мен нәтижесі қоғамдық және тұрғындардың өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған заңнамалық жұмысты сапалы жүргізу, тиімді заңнамалық шешімдерді қабылдау арқылы көрінетіндігін атап өткім келеді.

Сонымен қатар заңгер ретінде «депутаттар теледидардан жиі көрініп, проблемалар айтуы» депутат қызметінің негізгі формуласы еместігін айтқым келеді. Өйткені депутат тек проблемаларды айтып қана қоймай, негізделген, пысықталған заңнамалық шешімдер ұсынуы қажет.

Бұл ретте депутаттық қызметте бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор екені даусыз. Мәселен, барлық жұмыс топтары, ғылыми-тәжірибелік талқылаулар, парламенттік тыңдаулар, үкімет сағаттары бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланады.

Заң жобаларына бастамашылық жасауда да, Мәжіліске енгізілген заң жобаларын қарау кезінде де әрбір депутат қаралатын заң жобаларының сапасы мен нақтылығы үшін ерекше жауапкершілікті сезінетіні сөзсіз. Көбінесе үкіметтік жобалардың мәтіндері қайта қаралып, Парламент Палаталарының жұмыс топтары аясында айтарлықтай пысықталады. Сонымен қатар өкінішке қарай, Үкіметтің оң қорытындысының болмауына байланысты депутаттар ұсынған нормалар кейде қолдау таппайды.

Ағымдағы заң жобалау жұмыстарына қатысты айтар болсақ, сессия басталғаннан бері Мәжіліс жұмысында 92 заң жобасы болды, оның 45-і мақұлданып, Сенатқа жіберілді, 40 заңға ел Президенті қол қойды.

Олар ең алдымен экономиканы қалпына келтіруге, елдің өнеркәсіптік әлеуетін нығайтуға, биологиялық қауіпсіздікті

қамтамасыз етуге, азаматтық қоғамды дамытуға және, әрине, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Осы мәселелердің барлығы өзекті күн тәртібін қалыптастырады және еліміздің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.

Адам құқықтарын қорғау, сот және құқық қорғау органдарының жүйесін дамыту бағытында мәжіліс депутаттары сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы, құқық қорғау органдары, прокуратура мен сот арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырататын үш буынды модельді енгізу мәселелері бойынша, адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы, азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша заң жобаларын мақұлдады.

Мемлекеттің экономикалық саясатын заңнамалық қамтамасыз ету одан әрі жетілдірілді. Мақұлданған заң жобаларының қатарында – өнеркәсіптік саясат туралы, бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша, мемлекеттік сатып алуға, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуына қатысты заң жобалары бар.

Сондай-ақ мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлуді, кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеу саясатын енгізуді, биржалық сауданы дамыту мен жасауды, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелерін көздейтін заң жобалары мақұлданды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес заң шығару бастамасының субъектісі ретінде Парламент депутаттарының бастамашылығымен 25 заң жобасы әзірленді.

Қазіргі таңда 10-нан астам бастамашылық заң жобалары әзірленуде: Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «жасыл» мемлекеттік сатып алуды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық таза көлікті танымал ету және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, «Астық туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне формальды емес жұмыспен қамту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы заңдарының жобасы.

Мемлекеттік жастар саясаты, ғылым, қылмыстан зардап шеккендерге келтірілген зиянды өтеу, ақпараттық қауіпсіздік (теріс ақпараттық контентке: буллингке қарсы іс-қимыл), цифрлық активтер, интернаттан кейінгі сүйемелдеу, генетикалық түрлендірілген организмдер (ГТО) мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамаға талдау жүргізілді. Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша тиісті заң жобалары әзірленуде.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше дамыған елдерде заңнамалық шешімдер қабылдау процесінің барлық кезеңдері: реттеуді талап ететін проблеманы айқындау, заңнамалық актілердің жобаларын дайындау, мүдделі тараптарды тарту, сондай-ақ тиісті актілерді қабылдау және олардың әсерін мониторингтеу бойынша оң тәжірибе қалыптасқаны белгілі.

Осы элементтердің барлығы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген. Мәселен, біздің «заңдар туралы заң» болып табылатын «Құқықтық актілер туралы» заң, заңға тәуелді актілер заң жобалау жұмыстарын жоспарлаудан, заң жобаларын әзірлеуден, ғылыми сараптамалар жүргізуден, барлық мүдделі мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдарды, ғалымдарды, мамандарды заң жобаларын әзірлеуге тартудан, құқықтық актілерді қабылдаудан, қол қоюдан және жариялаудан, сондай-ақ қабылданған заңнамалық актілерге мониторинг жүргізуден бастап заң жобалау жұмысының барлық осы кезеңдерін көздейді.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2020 жылғы желтоқсанда Парламентаризм институты құрылғандығын атап өткім келеді. Парламентаризм институтының миссиясы – Республика Парламентінің өкілді және заң шығарушы рөлін күшейту арқылы парламентаризмді дамыту.

Президенттің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының қабылдануымен заң жобаларының тұжырымдамалары, нормативтік құқықтық актілердің жобалары «Ашық НҚА» интернет-порталында жарияланады. Алайда азаматтардың талқылауға белсенді қатысуы байқалмайды. Сан жағынан жеткіліксіз болуына, ал жекелеген жағдайларда жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасаудың сапасыз құрамдас тетіктеріне байланысты, мемлекеттік органдар тарапынан кері байланыстың төмен деңгейі мүдделі топтардың көңілін қалдыруға, сондай-ақ қатысуға деген ынтаны төмендетуге себеп болып отыр. Құқықтық саясаттың сапасы сенімді және объективті деректердің болуына мейлінше дәрежеде тәуелді екенін назарға ала отырып, деректерді жинаумен, сақтаумен, өңдеумен, талдаумен және басқарумен байланысты мәселелерге назар аудару маңызды.

Заң жобалары жұмысының жариялығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Мәжіліс жұмыс топтарына барлық мүдделі уәкілетті органдарды, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, сарапшыларды, ғалымдарды шақырып отырады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» және «кері байланыс» тұжырымдамаларын іске асыру мақсатында заң жобалары Мәжіліс сайтында жарияланады. Осылайша, Палатаның заң шығару процесіне барлық азаматтық қоғам белсенді қатысады.

Халықаралық оң тәжірибені ескере отырып, қазір заңдардағы сілтемелік және бланкеттік нормаларды барынша азайту, парламенттік бақылау тетіктерін күшейту қажет. Көптеген заң жобалары сілтемелік және бланкеттік нормаларға толы, бұларды іске асыру заңға тәуелді актілер (Үкімет қаулылары, министрлер бұйрықтары және басқа заңға тәуелді актілер) деңгейінде жүргізіледі. Яғни, көбінесе заңдарды, тетіктерді іске асыру заңға тәуелді деңгейде белгіленеді және қабылданған заңның бастапқы тұжырымдамасына әрдайым сәйкес келе бермейді. «Әзәзіл оның түбінде жатыр» дегендей. Сондықтан парламенттік бақылау шеңберінде Парламенттегі жұмыс топтары барысында заңға тәуелді деңгейде одан әрі іске асыру тетіктерін қарау өте маңызды. Бүгінгі күні регламентте заңға тәуелді актілер тізбесін ұсыну қажеттігі көзделген. Алайда заң жобаларын іске асыру үшін әзірленген заңға тәуелді актілердің жобаларын және оларға жүргізілген ғылыми сараптамалар топтамасын бір мезгілде енгізу практикасын қолдану қажет. Бұл заң жобаларын қабылдаудың ықтимал әлеуметтік салдарын бағалауға және болжауға мүмкіндік береді.

Қоғам дамуының осы кезеңінде қазақстандық мемлекеттіліктің стратегиялық міндеті – заңның үстемдігін бекіту, бұл азаматтық қоғамның (ғылым, саяси партиялар мен қозғалыстар, кәсіподақтар, кәсіпкерлер одақтары, өзге де қоғамдық бірлестіктер, БАҚ және т.б. сияқты институттары) белсенді мүдделі қатысуынсыз шешілмейтін болады. Қоғамды заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне тарту қабылданған заңнаманы іске асыру сатысымен ғана шектелмеуге тиіс. Бұл мынадай өзекті бағыттар бойынша қарқынды ілгерілеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- қоғамның зияткерлік әлеуетін пайдалану, әлеуметтік мүдделердің барлық спектрін анықтау және есепке алу, заң жобалау жұмысын ғылыми қамтамасыз ету деңгейін біршама көтеру есебінен заңнаманың сапасы мен тиімділігін арттыру;

- заң шығару процесінің барынша ықтимал ашықтығын қамтамасыз ету, заң шығару қызметін корпоративтік ету үрдісін, оның қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне, жеке, топтық, партиялық мүдделерге бағынуын еңсеру арқылы билік пен қоғам арасындағы иеліктен шығару дәрежесін төмендету;

- әртүрлі мүдделі тараптардың ұстанымдарын қоғамдық талқылау және келісу, заңда ортақ ерік пен келісілген ортақ қызығушылықты білдіру нәтижесінде қоғамдық келісім деңгейін жоғарылату және әлеуметтік қақтығыстар шиеленісін төмендету;

- адамдарда заң шығару процесіне қатысу және оның нәтижелері үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру, заң шығарушы мен заңға деген сенімді арттыру арқылы құқықтық нигилизмнің қалыптасқан дәстүрлерін еңсеру.

Мәселен, депутаттардың өңірлерге шығуымен қатар халық арасында заңнаманың сапасы және азаматтар оны қолдану кезінде кездесетін проблемалар туралы әлеуметтік зерттеулерді әртүрлі тәсілдермен жүргізуді және дәйекті деректер (онлайн және офлайн) алуды қамтамасыз ету өте маңызды.

Құқықтық мониторинг заңның іске асырылуын жедел бақылауға, сондай-ақ нақты қоғамдық қатынастарды реттеудің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін заң шығару жұмысының маңызды кезеңдерінің бірі екені даусыз. Сонымен қатар заңнамалық актінің сапалы іске асырылуына кедергі келтіретін ескірген және тиімсіз іске асырылатын нормаларды анықтау да маңызды.

Тұтастай алғанда, құқықтық мониторинг нәтижелері кейіннен ұлттық заңнаманы жетілдіру құралы ретінде қызмет ететін нақты заң жобалары шеңберіндегі талдамалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін негіз болады.

– Жаңа Үкіметтен не күтесіз?

– Біз жаңа Үкіметтен Президент қойған міндеттерді іске асыруға бағытталған белсенді және жүйелі жұмысты күтеміз.

Мемлекет басшысы өз сөзінде экономиканы, қоғамның әлеуметтік стратификациясын төмендетуге бағытталған әлеуметтік бағдарланған саясатты терең трансформациялау қажеттігін атап өтті.

Үкімет капиталды елден қайтарымсыз шығаруға байланысты проблемалар ерекше маңызға ие болып отырғанын түсінуі тиіс. Қолданыстағы бақылау жүйесі қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қауіптерге жауап бермейді және жаһандану мен барлық процестерді цифрландыру жағдайында айтарлықтай дамуды талап етеді. Қаражатты шетелге заңсыз шығарудың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша сапалы мониторинг қажет.

Президент деолигополизация қажеттігін атап өтті, өйткені заңды және жеке тұлғалардың шағын тобының ғана үстеме пайда салаларынан табысы бар, ал халықтың жартысында ай сайынғы табысы 50 мың теңгеден аспайды. Осыған орай, Үкімет халықтың нақты табысының өсуін қамтамасыз етуі, жалақы мен әлеуметтік төлемдердің өсуі тұтыну бағасының өсуінен артта қалуына жол бермеуі қажет.

Президент «жарияланған әлеуметтік-экономикалық күн тәртібі мен істердің нақты жағдайы арасындағы диссонанс сыни массаға ие болғанын» атап өтті. Сондықтан да біз жедел түрде экономикалық саясатты қайта жүктеу бойынша бірлескен жұмысқа кірісуіміз керек. Жаңа «ойын ережелерін» анықтау керек. Бұл адал, таза және әділ болуға тиіс.

– Президент Мәжіліс депутаттары мен әкімдердің айлығын көтеруге 5 жылға дейін мораторий жариялады. Қалай қабылдадыңыз?

– Әрбір депутат жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың маңыздылығын түсінеді, сондықтан экономикалық саясатты қайта жүктеудің, әлеуметтік саясатты іске асырудың маңыздылығын сезіне отырып, қазіргі уақытта Мемлекет басшысының бұл хабарын түсіністікпен қабылдайды, қолдайды.

– Қоғам «Жеке тұлғаларды банкрот деп тану туралы» заңды үлкен үмітпен асыға күтіп жүр. Қарызға батқан елдің үмітін ақтар заң болар ма екен?

– Қазіргі уақытта осы заң жобасын белсенді әзірлеу және талқылау жүргізілуде. Өздеріңіз білетіндей, жеке тұлғалардың банкроттығы – бұл азаматтардың қарыздарын төлеудің, коллекторлардың қауіп-қатерлерінен арылудың өркениетті тәсілі, оның нәтижесі – борышкердің қарызды өтеу мүмкін болмаған жағдайда толық есептен шығару.

Осыған байланысты қазіргі уақытта бір топ депутаттар әзірлеген Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар жеке тұлғалардың, кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіздігі кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталатынын, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғалар банкроттығының мақсатын, негізгі қағидаттары мен құқықтық негіздерін, оны жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын айқындайтын заң жобасын Үкіметке жібергенін атап өткен жөн.

Соңғы уақытта қаржылық қиындықтарға тап болған азаматтардың саны ұлғайып келеді. Ал бұл қиындық оларды шектен тыс шараларға: санкцияланбаған наразылық акцияларын өткізуден бастап суицид жасауына дейін мәжбүрлейді. Бұл, әрине, қоғамда ауқымды резонанс тудырады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары әзірлеген заң жобасы кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға мүмкіндігі жоқ жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің қолайлы әрі сенімді жүйесін енгізуге арналған.

Осылайша, заң жобасы жеке тұлғалардың қарыздарын жаппай жоюға (есептен шығаруға) бағытталмаған және халық арасында масылдық көңіл-күйге ықпал етпеуі қажет.

Уәкілетті органның шешімі бойынша жоспар негізінде жеке тұлғаның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін (соттан тыс тәртіп) және соттың шешімі бойынша мүлікті өткізуді (төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мүмкін болмағанда) көздейтін механизм ұсынылады.

Уәкілетті орган (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті және қазіргі уақытта заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың банкроттығы саласындағы уәкілетті органның функцияларын орындайтын оның аумақтық бөлімшелері) шешім қабылдау кезінде жеке тұлғаның банкроттығы процесін ашуға кедергі келтіретін негіздердің болуын айқындайтын болады:

- өтініш беру кезінде борышкерге қатысты қылмыстық іс қозғау;

- борышкерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6, 8-тарауларында көзделген, сондай-ақ алдауға, сенімді теріс пайдалануға негізделген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы;

- соңғы 10 жылда борышкерге қатысты банкроттық рәсімдерін қолдану;

- заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысу (жеке кәсіпкер);

Жеке тұлғаның банкроттық рәсімі (төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі жоспарға негізделген) азаматтың қаржылық жағдайын жақсартуға бағытталған түрлі шараларды көздейді, олар: ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімдерін өзгерту (борышты төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу), өсімпұлдарды, айыппұлдарды есептен шығару, борыштың бір бөлігін кешіру, алдымен негізгі борыш бойынша, содан кейін сыйақы мен өсімпұл төлеу бойынша міндеттемелерді орындау, жұмысқа орналастыру, борышкердің тұрғын үйін құны төмен үйге айырбастау, ал қымбат баспанасы болса, оны жалға беру және т.б.

Банкрот деп жарияланған жеке тұлға оңалту жоспарының 5 жылдан аспайтын мерзімі аяқталғанға дейін оның талаптарын орындауға міндетті. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындамаған (орындау мүмкін болмаған) жағдайда, кредиторлар уәкілетті органға өтініш жасауға құқылы, ол өз кезегінде, төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің соттан тыс рәсімін тоқтатады және кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне борышкердің мүлкін мәжбүрлеп өткізу туралы сотқа өтініш береді.

Мүлкі болмаған жағдайда (тұру үшін қажетті алаңнан асатын жалғыз тұрғын үйді қоспағанда) және борышкер тарапынан адал мінез-құлық болған кезде берешек толық есептен шығарылуы мүмкін.

Президент алғаш сайланған жылы несиелерге рақымшылық жасағаны белгілі. Мемлекет басшысының бұл жақсылығын көпшілік әлі ұмытқан жоқ. Тағы да рақымшылық жасала ма деп күтіп жүргендер де бар. Бұл орайда, азаматтар несие аларда саналы түрде оны қайтарудың жауапкершілігін ескерсе екен деймін. Егер бұл заң қабылданып, нақты орындалар болса, қарызға шынымен батқан азаматтардың үмітін ақтар еді.

– Егінмен күн көрген ел үшін биыл да оңай болмайтыны айтылуда. Сырбойылық диқандар алдағы көктемде алаңдаулы...

– Қазақстанда су ресурстарын басқару және оларды тиімді пайдалану, сумен қамтамасыз ету мәселелері Мәжіліс депутаттарының тұрақты бақылауында. Осы саладағы мәселелер депутаттармен жүйелі түрде депутаттық сауалдар шеңберінде жиі көтеріледі. Осы жылдың наурыз айында сумен қамтамасыз ету саласындағы өзекті мәселелер бойынша Парламенттік тыңдау өткізу жоспарлануда.

Қызылорда халқы егін, мал шаруашылығымен айналысатын өңір болғандықтан суармалы жерлерге сұраныс жоғары, аяқ суды молынан қажет етеді. Өткен жылы диқандар үшін оңай болмағанын білеміз. Егін егу басталар шақта Сырдарияның суы сарқылып қалатыны да жасырын емес. Өңіріміз бұл мәселенің зардабын көріп келе жатқанына 3-4 жылдың көлемі болды.

Жылдан-жылға су мөлшері азайып жатқанын мамандар мойындап отыр. Көктемде басталатын егін науқанына осы бастан дайындалып, былтырғыдай диқандардың «шырылдамауы» үшін жедел тиісті шараларды қолға алу қажет.

Біріншіден, Сырдария өзенінің су мөлшері табиғи-климаттық жағдайлардан және көрші мемлекеттердегі өзен су қорына тікелей тәуелді болғандықтан, ең алдымен Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдерімен келісу арқылы арқылы суды мемлекеттер жеткілікті деңгейде алуы үшін ынтымақтастыққа келу қажет.

Екіншіден, Қазақстанның барлық аймақтарына суды бөлуді дұрыс жоспарлау. Яғни әр өңірдің ерекшеліктеріне, судың қажетті мөлшеріне дұрыс болжам жасап, соған қарай судың жеткілікті болуын қадағалау.

Үшіншіден, үкімет, әкімдіктер диқандармен, кәсіпкерлермен бірлесе, уақыт оздырмай суды үнемдеу механизмдерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізу қажет.

Мәселен, автоматтандырылған есепке алу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету, насостарды орнату, магистралды және шаруашылықаралық су каналдарын механикалық тазарту, суды заңсыз пайдаланушылармен күрес, суды көп қажет ететін дақылдарды егу көлемін азайту тәрізді шараларды жасау қажет.

Қызылорда қаласындағы Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары суды үнемдеу мақсатында суды аз қажет ететін вегетациялық қысқа кезеңдегі күріш сорттарын шығарып, өндіріске енгізумен қатар, ауыспалы егіс жүйесінде күріштің үлесін азайтып, әртараптандыру дақылдарын егу жөнінде ұсыныстар енгізді. Бұл – өте құптарлық жағдай.

Су – тіршілік көзі. Ал Сыр елінің тағдыры Сырдария өзенімен тағдырлас. Десе де, биылғы жылы су тапшылығы былтырғыдан да қатты сезіледі деген қауіп те жоқ емес. Сондықтан «Бірлігі күшті ел озады» демекші, бірлескен шараларға дереу кірісуіміз қажет.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

АҚ ОЛИМПИАДА: АЛТЫН АЛУ МҮМКІН БЕ?

Қазақстан құрамасы спорттың көптеген түрінен жеңіске жетіп, талай рет алтыннан медаль таққаны бәрімізге аян. Алайда соның ең алғашқысы қысқы олимпиададан бұйырғанын бір білсе, бірі білмейді. Тәуелсіздік алған соң, Қазақстан егемен ел ретінде алғаш 1994 жылы Норвегияда өткен олимпиадаға қатысты. Сол кезде шаңғышы Владимир Смирнов елу шақырымдық марафонда топ жарған. Алайда сол олимпиададан кейін қысқы спорт түрлерінен бір бағымыз жанбай қойды. Одан бері талай рет талпынып, алтын жүлдеге қол созып көрдік. Бірақ қанжығамыз майланбады. Қазір есептесек, сол бір тарихи сәттен бері отыз жылға жуық уақыт өтіпті. Демек, демек...

Бүгінге дейін спортшыларымыз Лиллехаммер, Нагано, Солт-Лейк-Сити, Турин, Ванкувер, Сочи, Пхенчханда болған ақ олимпиадалардан сегіз жүлде жеңіп алды. Оның ішінде біреуі алтын, үшеуі күміс, төртеуі қола медалдар. Аталған бұл жүлделерді спорттың бес түрінен, небәрі бес спортшымыз жеңіп алған. Қысқы ойындарда биатлон, конькимен жүгіру, шаңғымен жүгіру, фраистайл-могул және мәнерлеп сырғанау әзірге біздің спортшыларымыздың оң жаңбасына келетін спорт түрлері болып тұр. Ең қызығы, 8 жүлденің төртеуі отандасымыз Владимир Смирновтың еншісінде: 1 алтын, 2 күміс және 1 қола жүлде.

2002 жыл мен 2006 жылғы қысқы ойындарда жолымыз болмады. Бірде бір жүлдесіз ораддық. Ақ олимпиадалардың ең нәтижелі болғаны Қазақстан үшін ең алғашқы Норвегиядағы дода. Владимирдің жетістігінің арқасында.

Осы кезге дейін бір олимпадада ғана спорттың екі түрінен жүлде алыппыз. Ол 1998 жылы Жапонияда өткен олимпиада. Ол жақтан конькиші Людмила Прокашева мен шаңғышы Владимир Смирнов жүлдемен ораддық. Екеуінде де қола. Кейінгі 3 олимпиададан спортшыларымыз бір жүлдемен қайтып жүр. Нақтырақ айтсақ, биатлоншы Елена Хрусталева 2010 жылы Ванкуверде, мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен 2014 жылы Сочиде және фристайлшы (могул) Юлия Галышева осыдан төрт жыл бұрын қола жүлдегер атанған. Міне солай.

Жалпы біздің қысқы олимпиадада жеткен жетістік, алған белесіміздің бары – осы. Әзірге әрине. Талай додада сүрінгенімізді мақала басында тілге тиек еттік. Иә, жүлдегер атануға сәл қалып, алайда сәттілік жетіспеген спортшылармыз жоқ емес. Қай кезең? Қай олимпияда? Кімдер еді? Сол жайында бірер сөз.

Басы 1-бетте

Ең әуелгісі, сол баяғы Еуропа төрінде, яғни Норвегияда өткен олимпиадада биатлоншы Инна Шешкиль мәре сызығына 5 метр жер қалғанда құлап қалып, төртінші орынмен келген. Одан кейінгісі осыдан тура 8 жыл бұрын Сочиде өткен олимпиададағы сәтсіздік. Мұнда еліміздің шорттрекшілері эстафетаның финалына шығып тұрып, қайтадан сол еуропалықтарға орын беріп қойды. Тағы да төртінші орын. Соңғысы 2018 жылы Пхенчхан олимпиадасындағы Алексей Полтораниннің сәтсіздігі. Басында көш басында болған ол мәреге 10 шақырым қалғанда шаршап қалып, мәре сызығын он бесінші болып кескен еді. Жалпы ақ олимпиадаларда бап пен бақ қатар шауып, қанжығамызға сегіз жүлде байладық. Одан бөлек, біздің спортшылар үш мәрте төртінші, алты мәрте бесінші орынды қанағат тұтқан.

Мұның барлығы – мерейіміз тасыған тарихи сәттер мен есеміз кеткен сәтсіз кезеңдер. Ендігісі уақыт еншісінде. Биылғы додаға да «сайдың тасындай» спортшыларымызды аттандырдық. Дейтұрғанмен 34 спортшымыздың арасында жүлдеге үміттілердің саны аздау. Бұл туралы отандық және шетелдік сарапшылар да айтқан болатын. Үміт артып отырған бір спортшымыз Пхенчханда өткен олимпиаданың қола жүлдегері Юлия Галышева. Одан кейінгі могулшылар Дмитрий Рейхерд пен Павел Колмаков та жүлдеден үміткерлер санатында. Статистикаға сүйенсек, бұл екеуі де ұзақ жылдар бойы жоғары дәрежеде өнер көрсетіп келеді. Отандық сарапшылар талантты жас Анастасия Городько да артқан сенімді ақтауы мүмкін екенін айтуда. Мамандар сөзіне сенсек, фристайлшы Жанбота Алдабергенова да бабында көрінеді. Жанбота олимпиада аясындағы әлем кубогы кезеңдерінде қола жүлде иеленіп, үздік алтылыққа енген. Төрешілер әділ болса, ол Қазақстанға жүлде сыйлауы әбден мүмкін. Сондай-ақ мамандар шорттрекшілер Абзал Әжігалиев пен Денис Никишаға, конькишілердің ішінде Надежда Морозоваға үміт артып отыр. Ал ту ұстаушының бірі Екатерина Айдоваға да үлкен үміт артылары түсінікті. Оның мұндай додаларда тәжірибесі жеткілікті. Жалпы бап шаба ма, бақ шаба ма, оны уақыт көрсетеді.

Осы тұста еске сала кетейік, Қазақстан осы олипиадаға қатысып жатқан спортшылардың дайындығына 400 млн теңге, ал делегацияның Қытайға сапарына 228 млн теңге жұмсаған. Бұл туралы Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы Андрей Крюков мәлімдеген еді.

– Бұл додаға жобамен 250 млн теңге жоспарланған еді. Бірақ ол сомадан аз шықты. Нақты сома – 228 млн теңге. Ұйымдастырушылар делегацияны, қатысушылар санын қысқартатындықтан қаржы да азайды, – деді ол.

Бүгінде Қазақстаннан Қытайға 100 делегат жіберілді. Оның ішінде 34 спортшы, 20 бапкер, 10 дәрігер мен массажист, 7 қызмет көрсетуші персонал, 7 штаб қызметкері бар.

Тоқсан сөздің тобықтай түйіні, осы байрақты бәсекеден күтеріміз көп. Әрине, шетелдік сарапшылар мен атақты спорт басылымдары біздің құраманы фавориттер тізімінен көрмейтінін о баста айтты. Тіпті жеңсе, бір жүлде ғана ала алады деп болжам жасап қойды. Оның өзі «алтын емес» дескен. Ақ олимпиадалардың статистикасын жүргізетін АҚШ-тың

Gracenote халықаралық сараптама компаниясы біздің команданы жалпы есепте 27-орын алады деп бағамдаған еді. Ал жалғыз жүлдені фристайл могулдан Юлия Галышева еншілейді деп болжам жасады олар. Осы сыңайдағы ойларды біздің отандық спорттық сарапшылар да айтуда. Мәселен, спорт журналисі Рауан Оқас Бейжіңге аттанған біздің спортшылардың ішінде олимпиадада «жүлде алады» деп сеніммен айтатын адам аз екенін жеткізді.

– Еліміз Бейжіңнен медаль ала ма деген сауалға жауап берерде «мүмкін», «бәлкім ілініп қалар», «бірдеңе күтуге болады» деп сөйлеуге мәжбүрміз. Яғни фристайлдың могул түрінен ерлер арасында Колмаков жүлдеге ілінуі мүмкін. Шорт-трекші жігіттерден жүлде болып қалар. Біздікі – «үмітсіз – шайтан», – дейді ол.

Жалпы пікірлер осы сарында. Енді мұның бәрін уақыт көрсетер. Бір білеріміз, қаншама жыл алтын медаль алмаған спортшыларымыз осы олимпиадада осы бір олқылықтың орнын толтыру үшін күреседі. Спорт сүйер қауымға небір толқу мен қуанышты сәттер сыйлауға тырысады. Біздің қолдан келетіні тақымды қысып, ұлт намысын қорғауға кеткен саңлақтарымызға сенім білдіріп, сәттілік тілеу ғана. Тек жарыс қорытындысында мерейіміз үстем болып, Бейжің төрінде қазақтың әнұраны шырқалып, көк туымыз бәрінен биік көтеріліп, алтын медаль аларымызға сенейік.

А.БАЙ

АВТОБУС НЕГЕ ӨРТЕНДІ?

1 ақпан күні түскі уақытта Қызылорда қаласының сол жағалауында автобус өртенді. Оқиға орнынан түсірілген бейнежазбалар мен суреттер қала тұрғындарын біраз үрейлендірді. Өрт туралы хабарлама қалалық төтенше жағдайлар басқармасына хабарлама 13.37-де келіп түскен.

Басқармаға хабарланғандай, «Қызылорда автобус паркіне» тиесілі мемлекеттік белгісі KZ 251 BB 11 нөмірлі «Zhong Tong Bus» маркалы автобус өртке оранған. Жолаушылар тасымалдайтын автобусқа сыйымдылығы 200 литрді құрайтын метан газ қондырғысы орнатылған. Төтенше жағдайлар бөлімінің хабарлауынша, өрт сөндірушілер 13.45-те оқиға орнына жетіп, 13.53-те өртті толықтай сөндірген. Автобустың ішінде болған 16 жолаушы өз күшімен сыртқа шыққан. Басқарма өртпен зардап шеккен адамдар жоқтығын мәлімдеді.

Жалпы 1 ақпандағы мәлімет бойынша, Қызылордада 14 өрт фактісі тіркеліп, 1 млн 620 теңге шығын келген. Оның ішінде 4 өрт автокөліктің жануы ретінде тіркелген. Ал қоғамдық автобустың шығындары есептелуде.

«Қызылорда автобус паркі» ЖШС-ның мәліметінше, серіктестік теңгерімінде 135 көлік тіркелген. Алайда қоғамдық көліктердің техникалық жағдайының төмен болуына байланысты жылжымалы құрамды жаңалау жоспарланып отыр. Теңгерімдегі қоғамдық көліктер жоспарға сәйкес әр 6 ай сайын техникалық тексерістен өтеді. «Автобустардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 10000 шақырым сайын техникалық байқаудан өткізіліп, жүргізушілер мен жауапты қызметкерлерге тиісті оқу жүргізіледі, күнделікті нұсқаулықтар жасалады», – делінген серіктестік мәліметінде.

Ал қоғамдық көліктен шыққан өрт туралы серіктестік төмендегіні мәлімдеді: «1 ақпан күні №18 бағыттағы қоғамдық автобустың қозғалтқышынан белгісіз себептен өрт шыққан. Автобус жүргізушісі қауіпсіздік шараларын дер кезінде қолданып, автобус ішінде болған барлық жолаушыны сыртқа шығарып, өртті сөндіруге тиісті шаралар қолданған. Дегенмен автобус жартылай өртеніп кеткен. Оқиға орнына төтенше жағдай басқармасының арнайы құтқару тобының қызметкерлері өрт сөндіру автокөлігімен келіп, өртті толықтай сөндірген. Қазіргі кезде өрттің шығу себебін нақты анықтау мақсатында өрт-техникалық сараптамасы тағайындалып, тиісті жұмыстар жүргізілуде».

А.БІРКЕНОВ

COVID-19: Қызылорда «жасыл» аймақта

Эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес Қызылорда облысы «жасыл» аймаққа ауысты. ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №42 Қаулысына сәйкес әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметіне шектеу шараларын жеңілдету «сары» аймақтан «жасыл» аймаққа көшкеннен кейін 7 күннен кейін жүргізіледі. Бұл туралы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Соңғы аптадағы көрсеткіш бойынша облыста аурушаңдық деңгейі 1,5 есеге төмендеді. Бұл ретте коронавирус инфекциясына қарсы іске асырылып жатқан вакциналау мен қайта вакциналау қарқындылығы мен санитариялық-эпидемиологиялық шаралардың айтарлықтай әсері зор. Бүгінгі күні «Covid-19» инфекциясына қарсы иммундаудың толық курсынан тиісті контингенттің 90,2 проценті өткен.

Өңірде «Pfizer» препаратымен вакциналаудың толық курсынан өткендер көрсеткіші 15359 адамды құрайды. Оның ішінде 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдер үлесі 19,8 процентті құраса, жүкті әйелдер үлесі 8,3 процентті, ал лактация кезеңіндегі әйелдер үлесі 8,1 процентті құрап отыр.

Бүгінгі күні 81 154 қызылордалық тұрғын қайта вакциналаудан өтті. Оның ішінде медицина саласының қызметкерлері, педагогтар, күштік құрылымдар мен 60 жастан асқан адамдар бар. Вакциналау шарасы 106 екпе кабинеттерінде жүргізілуде. Сонымен қатар 34 жылжымалы бригада жұмыс істеуде. Бүгінгі күнге дейін облыс көлемінде вакциналаудан кейінгі асқыну жағдайлары орын алмаған.

Эпидахуал жақсарып келе жатқанымен вирус жұқтыру деректері әлі де болса тіркелуде. Мәселен, соңғы тәулікте 38 дерек тіркелген. Клиникалық белгілер 20 науқаста анықталса, қалған жағдайлар симптомсыз деп бағаланған. Ал вирус жұқтырған 9 дерек 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталды. 40 жаңа ошақ есепке алынып, індетке қарсы профилактикалық эпидемиологиялық-дезинфекциялық шаралар жүргізілген. Вирус жұқтырғандармен байланыста болған 53 адам медициналық бақылауға алынды.

«Ақмешіт-ақпарат»

БАЙДЕН ДАИШ БАСШЫСЫНЫҢ КӨЗІН ЖОЙДЫ

Оқиғадан кейін бейсенбі күні кеште Джо Байден тағы да мәлімдеме жасады. Онда ол АҚШ-тың арнайы күш құрылымдары әлемге қауіп төндірген экстремистердің көзін жойғанын мәлімдеді. Сондай-ақ ол әуе соққысынан гөрі арнайы күштерді пайдалану себебін «Бейбіт тұрғындар шығынын максималды түрде азайту үшін», – деп түсіндірді.

«Мен Қорғаныс министрлігіне бейбіт тұрғындардың шығынын азайту үшін барлық ықтимал сақтық шараларын қабылдауды тапсырдым. Ланкестік топ басшысы мұндай шабуылдың боларын біліп өзін отбасымен, соның ішінде балаларымен қоршап алған. Дегенмен біз әуе шабуылының орнына өз әскерилерімізге үлкен қауіп төндіретін рейд жүргізу туралы шешім қабылдадық. Бұл шешім бейбіт тұрғындардың шығынын азайту үшін жасалды», – деді Байден.

Сондай-ақ АҚШ президенті әскери команда оқиғаның жай-жапсары туралы әлі есеп дайындап жатқанын айтты. Бірақ Байденнің сөзінше, ДАИШ басшысы өзін-өзі жарып жіберген.

«Біздің әскерлер ланкесті ұстауға жақындаған кезде, жанұясының өмірін ойламай, өзін ғана емес үшінші қабатты да жару туралы шешім қабылдаған. Ол мұны жасаған қылмыстары үшін сот алдында жауап беруден қорыққандықтан істеді. Ланкестік ұйымның бұрынғы басшысы секілді өзімен бірге отбасының да көзін жойды», – деді Байден.

Операцияны бақылау кезінде Байден американдық тікұшақтың жерде қиындықтарға тап болғанына үреймен қараған. Дегенмен балалар бірінші қабаттан шығып қауіпсіз жерге қашқан кезде президент өзін жайлы сезіне бастаған. Бірнеше уақыттан кейін жарылыс болған. Ол кезде ұйым жетекшісі өзі мен отбасын жарып жіберген еді. Арнаға Байденнің операцияны бақылау кезіндегі өзін қалай ұстағаны туралы Ақ үйдің шенеуніктері айтқан.

Әкімшіліктің жоғары лауазымды қызметкері ланкестің «көптеген операцияларға белсенді қатысқанын» атап: «Басшының көзі жойылғаны ДАИШ-ке соққы болады деп ойлаймыз. Шенеуніктер оның ДАИШ-тың шетелдегі бөлімшелеріне, соның ішінде өткен жылы АҚШ теңіз жаяу әскерлерінің өліміне себепкер Ауғанстандағы бөлімшесіне жауапты екенін алға тартуда.

Операциядан бір-екі ай бұрын Пентагон шенеуніктері президентке оқиға орнының макетін алып келген. Әбу Ибраһим әл-Хашими әл-Курайши өз аумағынан алысқа шықпайтыны мәлім болған. Өз отбасымен үйдің үшінші қабатында тұрған ол тек кейде үйдің шатырындағы бассейнге түсу үшін шығатын болған. Ал террористік ұйымның басшысы ол үйде тұратынын білмегендер сол үйдің бірінші қабатындағы үйлерінде болған.

Желтоқсанда АҚШ ол жерде курьерлер желісі арқылы өзінің ланкестік операциясын жүргізген ДАИШ басшысы тұратынын Байденге жеткізген. Оның өз қауіпсіздігі үшін бейбіт тұрғындарға жақын орналасқанын білген Президент Пентагонға бейбіт тұрғындардың өлімін азайту үшін сақтық шараларын қабылдауды бұйырған.

Сейсенбіде қорғаныс министрі Ллойд Остин мен біріккен штаб бастықтарының төрағасы генерал Марк Милли операцияға дайын екенін айтқанда Байден өз келісімін берген.

АҚШ әскері операцияны, соның ішінде бейбіт тұрғындарды қорғау тактикасын бірнеше рет практика жүзінде қайталаған. Ал операция басталған кезде олар өздері туралы дауыстап жариялап, бейбіт тұрғындар мен жақын аймақтағы адамдарды қауіпсіз жерге ығысуға үндеген.

Бейсенбінің кешінде жасаған мәлімдемесінде Байден сондай-ақ экстремистердің Сириядағы түрмеге жасаған шабуылы туралы кеңінен айтып берді. Оның мәліметінше, 20 қаңтарда ДАИШ өзінің мыңдаған жауынгерін сириялық түрмеден шығару әрекеті кезінде АҚШ-пен одақтас Сирия демократиялық күштерінің кем дегенде жеті жауынгері қаза тапқан. Бұл шабуыл ланкестік топтың қайта көтерілуі мүмкін екенін көрсеткен.

Сирия демократиялық күштерінің (СДК) хабарлауынша, Хасака қаласының солтүстік-шығысында орналасқан Гверан түрмесіне жасалған шабуыл мекеме маңында бомба орнатылған көліктің жарылуымен басталған. «Содан кейін ДАИШ содырлары аймаққа кіріп, түрмені күзетіп тұрған жергілікті күштерге қарсы оқ жаудырды. Ал ол уақытта түрме ішіндегі қылмыскер сотталғандар «хаос жасау үшін» көрпелер мен пластик бұйымдарды өртей бастаған. Бұл алдын-ала келісілді ме немесе тұтқындар оңтайлы сәтті пайдаланып қалғысы келді ме, ол бізге беймәлім», – деп хабарлады СДК.

Түрмеге жасалған шабуылға тойтарыс берілгенімен оның маңындағы аумақтарда бірнеше қақтығыс болған. Ал түрмеге жасалған шабуылды тоқтату үшін Американың әуе күштері көмектескен. СДК мәліметінше, ДАИШ түрмені түгелдей босату үшін арнайы операция ойластыруда.

СДК бақылауындағы Сирияның солтүстігіндегі түрмеде шамамен 11-12 мың террорист қамауда отыр. Мұнда бірнеше рет шабуыл да жасалған. Сонымен қатар сотталғандар да түрме ішінде бірнеше рет қақтығыс жасаған.

Ал Президент Байден ДАИШ жетекшісі Әбу Ибрахим әл-Хашими әл-Курайшиді өлтіргеннен кейін американдық әскер ДАИШ қауіп-қатерін назарда ұстайтынын және жаһандық одақтастарымен жұмыс істеуді жалғастыратынын айтты.

«Барлығы біздің назарда. Біз кез келген әрекетке дайынбыз. Кешегі операция ірі ланкестердің жетекшісін ұрыс алаңынан алып тастады және бүкіл әлемдегі ланкестерге белгі берді: Біз сіздерді табамыз. Біз әлі де болса Америка халқының қауіпсіздігін сақтау және бүкіл әлемдегі одақтастар мен серіктестердің қауіпсіздігін нығайту үшін тынымсыз еңбек етеміз», – деді Байден.

Сонымен қатар АҚШ-тың қорғаныс министрі бұл операцияны жүзеге асырмас бұрын Ресейге ескертілгенін мәлімдеді. «АҚШ Ресейге Сирияның солтүстік-батысында белгілі бір уақыт аралығында ауқымды операция жүргізетінін айтты және оларға бұл аймаққа жақындамау керектігі ескертілді», – делінген министрлік мәліметінде.

Ресейдің құрлық және әуе күштері Сирияның солтүстік-батысында тұрақты түрде әрекет етеді. Бұл операция кезінде де екі тараптың келеңсіз жағдайда қалмауы назардан тыс қалмай, операция алдын ала ескертілген.

Басы 1-бетте

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған **Аслан НҰРАЗҒАЛИ**

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4256 **Тапсырыс №171**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ